

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.258-260

БАНК ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ

Толемисова Б.Б.

Кез-келген банктің басты құрауыштарының бірі болып тәуекел саналады. Ю.М.Ворониннің ойынша «банктік тәуекел іс-әрекеттің белгісіздік және күтілетін жағдайдан ақиқаттың жағымсыз ауытқу мүмкіндіктерін анықтайтын банк қызметінің белгілі бір жағдайға байланысты сипаттамасы болып табылады [1,15б.].

Бірнеше тәуекел түрлері, оның ішінде маңыздылар қатарындағы ликвидтілік, операциялық тәуекел және несиелік тәуекел түрлерімен коммерциялық банктердің бір топ түрлерінде кездеседі. Тәуекелді басқару детерминанттары болып нарық жетіспеушіліктері мен менеджерлердің тәуекелге деген немқұрайлықтары саналады. Нарық жетіспеушіліктері – бастысы болып бақыланған кемшіліктер, салықтар, міндеттемелер, апаттарға және инвестициондық мүмкіншіліктердегі шығындар жатады. Бұл факторлар фирмалар жағынан тәуекел-менеджменті түсіндіріледі («Тәуекел-менеджмент», Модильян және Миллер, 1963). Кәсіпорын басшылығымен қайдан болмасын стратегия жүргізілмесін жеке инвесторлар тарапынан қайта жаңғыртуға мүмкіншіліктер бар. Шындығында нарық қалтқысыз жетілген емес, сондықтан, тәуекел әрқашан болады [2].


Қаржылық нарықтың тұрақсыз дамуы мен қатал бәсекелестік банктерде жаңа тәуекелдердің пайда болуына септігін тигізеді, сонымен қатар аса маңызды қаржылық тұрақтылықты және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мақсатында тәуекел-менеджменті жүйесін құруды талап етеді. Банктегі тәуекел-менеджмент деп тәуекел мәселелерін анықтау, оларды шешу жолдары мен әдістерін анықтауға бағытталған қызметтер жиынтығы, яғни тәуекелді басқару процесі. Негізінен тәуекел-менеджментінің мақсаты банктің нәтижелі көрсеткіштеріне позитивті және негативті әсер ететін белгісіздік жағдайлары факторларын ескере отырып банкті басқару тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты тәуекел-менеджменттің негізгі міндеті банктің қаржылық нәтижелеріне тәуекелдердің кері әсерін азайту. Демек, тәуекелдерді басқарудың басымдылығы немесе басты нәтижесі болып банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және банк акционерлерінің алатын табысын ұлғайту болып табылады. Тәуекел-менеджментін банкті басқару жүйесіне біріктіру үшін өте маңызды, әсіресе қазіргі қаржылық тұрақсыздық кезеңінде.

Көпжылдық тәжірибе негізіне сүйене отырып банктердің шығынға ұшырау себебі жоғары дәрежелі тәуекелдер емес, тәуекелді тиімсіз басқару

мен тұрақсыз бақылаудан екенін аңғаруға болады. Сондықтан банктердегі тәуекел-менеджерлердің жұмысы уақытылы тәуекелдерді анықтап, болжап және оларды басқару қажет. Тәуекелдердің пайда болуы негіз болатын белгісіздік факторларымен банктердегі тәуекелдер сараптау және бағалау әдістемесін жүзеге асыру.

Көптеген ғалымдардың ойынша тәуекелдердің негізгі белгілеріне келесідей ерекшеліктерді көрсетуге болады: белгісіздік, қарама-қайшылық, баламалылық. Белгісіздік тәуекелдің негізі болып табылатын көрсеткіш. Белгісіздікті болдырмау үшін толық және нақты ақпаратпен қамтамасыз етілу қажет. Тәуекелдегі қарама-қайшылық бір жағынан тәуекел әлеуметтік мағынаға ие және жаңа технологияларды қолдану негізінде нәтижелерге жетуге бағытталған, басқа жағынан тәуекел белгілі бір уақытта нақты шешім қабылдаудан болмай қалмаушылықты білдіреді. Баламалылық тәуекел екі немесе одан да көп шешім қабылдау тәсілдерінің барын білдіреді, яғни басқа баламалар болмаған жағдайда тәуекелдің жоқтығын білдіреді.

Жоғарыда аталған ерекшеліктерден басқа маңызды құрам: тәуекел–бұл өткен уақыттағы жетістіктер мен сәтсіздіктерге ұшырау емес, болашақтағы нәтижелерге жетуді білдіреді. Банктегі тәуекел-менеджменті жүйесінде банктегі тәуекелді басқарудың 3 деңгейін анықтап көрсетуге болады: [3,19б.]



1 – сурет. Банктегі тәуекелді басқару деңгейлері

Банк секторында тәуекелді болдырмау үшін қажет шаралар:

Қаржылық мекемелерде корпоративті басқару мен тәуекел-менеджментіне деген талаптарды заңды түрде күшейту;

Кедергілі тұлғаларға банк тарапынан несиелеуге ыйым салыну;

Үмітсіз қарыздар көлемін азайту және мемлекет немесе акционерлер қаражаттары негізінде банк капиталын толықтыруға арналған қажетті шараларды қабылдау;

Стрестік қарыздан арылу және азайту үшін несиелік портфель сапасын жақсарту [4,31б.].

Банктер үшін тиімді тәуекел-менеджмент жүйесін жүргізу үшін келесідей іс-шаралар атқару қажет:

Стратегия бойынша сұрақтар мен тәуекелді басқару міндеттерін бақылайтын банк ішілік құжаттар жасау;

Тәуекелді анықтау және бақылау әдістері мен принциптерін дайындау;

Дағдарыстық жағдайларды ертерек жариялайтын тиімді жүйені құру;

Ірі қарыз алушылардың қаржылық жағдайына мониторинг ұйымдастыру;

Тәуекел мониторингін жүзеге асыратын процедураларды құрастыру.

Дұрыс жұмыс жасайтын тәуекел-менеджменті банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, жоспарланбаған шығындарды төмендету секілді банктің мүмкіншілігін қалыптастыру, контрагенттер тарапынан банкке деген сенімді арттыру сияқты біршама шараларды қамтиды. Қорытындылай келе, тәуекел-менеджментінің негізгі мақсаты болып тәуекелдерді басқарудағы біршама процедуралар мен стандарттарды, оларды бағалау модельдерін құрастыру және жүзеге асыру, белгісіздік жағдайындағы жұмыс жоспарын даярлау болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Воронин Ю.М. Управление банковскими рисками. – М: НОРМА, 2007. – 94б.

2. Benard Osoro Bonyi . The effect of financial innovations on risk management by commercial banks, University of Nairobi, Thompson

3. Саркисова Е.А. Риски в торговле. Управление рисками. Практическое пособие. – М.: «Дашков и К», 2009. – 120б.

4. Джаксыбекова Г.Н. Казахстанская практика управления стрессовыми активами банковского сектора: проблемы и перспективы развития // сборник материалов «Управление портфелем стрессовых активов коммерческого банка: современные вызовы и казахстанский опыт» по итогам круглого стола – Алматы: Экономика, 2013.

Ғылыми жетекші: Кеңес Г.К., э.ғ.к., аға оқытушы